

5 Торнау Н. Изложение начал мусульманского законоведения. С-П- 1849. – Репринтное издание по заказу Советского общества мусульман. – М., 1991. – 475 с.

6 Хидоя: Комментарии мусульманского права. / Пер. с англ. Под ред. Гродекова Н.И. – Т.: Узбекистон, 1994. – 480 с.

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІ СОТ ШЕШІМІН ШЫҒАРМАЙ АЯҚТАУ НЫСАНДАРЫ

Абилькасова К.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің магистранты

Сот отырысында іс мәні бойынша қаралғанда сот актісі шешім шығарумен аяқтайды. Бірақ та, кейбір жағдайлардың күшіне байланысты сот бұл норманың тәртібінен ауытқып, істі шешім шығарусыз аяқтайды. Азаматтық іс жүргізу құқығы істің мұндай аяқталуының екі түрін қарастырады: іс жүргізуде қысқарту және арызды қараусыз қалдыру. Бұл аталған түрлер бір-бірінен негіздері бойынша және іс жүргізу нәтижесін қолданумен ажыратылады.

Сот ісін жүргізу қысқартылады, соттың қорғауына жүгіну құқығы болмаған жағдайда, істі жаңғырту мүмкіндігі түгелдей жойылады. Арызды қараусыз қалдыру, сот қорғауына жүгіну құқығы болмауынан емес, тек қана заңда көрсетілген орналастыру жағдайларының сақталмауы. Сондықтан талапкер, көрсетілген кемшіліктерді жойғаннан кейін, қайтадан сотқа жүгініп, талап қоюға болады.

Ереже бойынша сот талқылауы істің негізі бойынша шешім шығарумен аяқталады. Бірақ кейбір мән-жайлар бойынша сот бұл нормалардан бас тартып істі шешім шығарусыз аяқтайды. Азаматтық іс жүргізу құқығы іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату және арызды қараусыз қалдыру деп аталатын сот өндірісін тоқтатудың екі нысанын қарастырады. Аталған нысандар негіздері бойынша және оларды қолданудың процессуалдық салдарлары бойынша ажыратылады.

Екі институт істі бірінші сатыдағы сотта қарастырғанда да, сол сияқты апелляциялық және кассациялық сот өндірістерінде сот актілерін қайта қараған жағдайда да қолданылады.

Сот ісін жүргізу соттық қорғауға жолдану құқығы болмаған жағдайда немесе процесс басқа негіздер бойынша іс сотпен қаралуға жатпайтын жағдайларда тоқтатылады. Бұл жағдайда істі қайта қозғауға мүмкіндік болмайды.

Арызды қараусыз қалдырудың себебі болып, соттық қорғану құқығының болмауы емес, заңмен бекітілген тәртіпте шарттардың сақталмауы болып табылады. Яғни, азаматтық іс осы процессте қарала алмайды, бірақ істі негізі бойынша қарауға кедергі келтіретін себептер болашақта жойылуы мүмкін. Сондықтан да арызды қараусыз қалдыру кедергі келтірген мән-жайлар жойылған жағдайда сотқа сол талаппен қайтадан жолдану мүмкіндігінен айырмайды.

Сонымен, *іс бойынша іс жүргізуді тоқтату* – мүдделі тұлғаның сотта істі қозғау құқығының жоқ болуы анықталуына немесе істі қозғағаннан кейін даудың тоқтатылуына байланысты істі қарастыру бойынша соттың іс-әрекетінің аяқталуы [1, 214].

Сот ҚР АПК-нің 277-бабында бекітілген негіздер бойынша сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады [2]. Негіздерді үш топқа бөлуге болады. Бірінші топ – мүдделі тұлғада сотқа жолдану құқығы болмағандығын және іс сот ісін жүргізуге қабылданбауы тиіс екендігін куәландыратын негіздер. Егер талап арыз қате қабылданып, кейін қателік істі сот талқылауына әзірлеу немесе сот талқылауы сатысында анықталса, онда іс жүргізу тоқтатылуға жатады. Бұл мән-жай іс жүргізудің қате туындағандығын білдіреді. Олар мыналар:

- іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса;

Егер іс ведомстволық бағыныстылық бойынша соттың қарауына жатпайтын болса, онда іс жүргізу аталмыш істі қарастыратын орган көрсетіле отырып, сот ұйғарымымен тоқтатылуы тиіс. Сонымен бірге соттар не соттық тәртіпте, не өзге тәртіпте қаралуға жатпайтын істерді қарауына алмауы тиіс. Мысалы, күйеуі әйелінің жүктілігі кезінде және бала туған күннен бастап бір жасқа толғанша оның келісімінсіз неке бұзу туралы істі қозғай алмайды. Бұл жағдайда судья әйелінің келісімінсіз талап арызды қабылдаудан бас тартады, ал егер қабылданған болса, онда іс жүргізуді тоқтатады.

- сол тараптардың арасындағы дау бойынша сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына немесе тараптардың татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді орнықтыруына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымы болса;

- сол бір тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша қабылданған төрелік шешім болса;

Егер судья талаптың ұқсастығына қатысты күмәні болса, онда талап арызды қабылдайды және ұқсастықты істі әзірлеу немесе сот талқылауы сатысында анықтауы тиіс.

Талапкердің өз талабынан бас тартуына немесе тараптардың татуласугершілік келісімін жасасуына байланысты сотпен қабылданған жағдайда сот өндірісін тоқтату туралы заңды күшіне енген соттың ұйғарымы болса, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды.

Сот татуласу келісімін заңды немесе өзге тұлғаның құқықтары мен мүдделерін бұзатын болғанда қабылдамай тастауға құқылы. Егер заң талаптың нақты мөлшерін анықтап тұрса және тараптар оны өзгерте алмайтын болғанда татуласу келісімі қабылданбайды. Мысалы, кәмілетке толмаған балаға алимент өндіріп алу туралы істер бойынша тараптар заң белгілеген алимент мөлшерінен төмен мөлшерді көрсете отырып, татуласу келісімін жасай алмайды.

Құқық нормасымен нақты реттелетін мәселелер бойынша татуласу келісімі жасалмайды, сондықтан да тараптардың келісімімен шешуге болмайды. Мысалы, соттар әкелікті анықтау туралы істер бойынша татуласу келісімін бекіте алмайды.

Екінші топтағы мән-жайлар процесстің жалғасуына кедергі келтіретін тараптардың билік ету әрекеттерімен байланысты. Олар мыналар:

- сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын қабылдаса;
- тараптар татуласу келісімін жасасса және сот оны бекітсе;

Егер бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзатын болса, сот татуласу келісімін бекіте алмайды.

Сонымен қатар, егер заң талаптың нақты мөлшерін анықтайтын болса және тараптар оны өзгерте алмайтын жағдайларда (мысалы, кәмілетке толмаған балаға алимент өндіру туралы талап бойынша тараптар өз келісімі бойынша алименттің сомасын заңмен анықталған мөлшерден кем анықтай алмайды), сот татуласу келісімін бекіте алмайды.

Татуласу келісімі құқық нормасымен нақты реттелетін және тараптардың келісімімен шешіле алмайтын мәселелер бойынша жасалмауы тиіс. Мәселен, әкелікті анықтау жағдайлары мен тәртібі заңмен анықталған, сондықтан да соттар әкелікті анықтау туралы істер бойынша татуласу келісімін бекіте алмайды.

Сондай-ақ татуласу келісімін жасасу арқылы тараптар еңбектік міндеттерді орындау кезінде келтірілген зиян үшін өтемақының мөлшерін өзгерте алмайды [3].

- тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе;

Азаматтық іс жүргізуде дауларды баламалы шешу тәсілі ретінде медиация тараптардың арасында татуластырудың бірден бір маңызды жолы болып табылады. Медиация кезінде екі тарап та қызығушылық танытуы тиіс, тек сонда ғана пайда болған мәселені екі тарап үшін де оңтайлы әрі ешқандай кері әсерсіз шешуге болады. Бұл медиатор үшін де аса қажетті шарттардың бірі. Сонымен бірге тараптардың өзара келісімдері бойынша медиация процесіне басқа да маман да тартылуы мүмкін, мысалы, белгілі бір дау бойынша арнайы маманның кеңесі қажет болған жағдайда және тағы басқалары.

Медиация процесі кезінде тәуелсіз үшінші тараптың атқаратын ролі өте маңызы деп айтуға болады, себебі сол үшінші тарап екі жақ үшін де тиімді болатын баламалы шешімдер ұсыну арқылы ымыраға келуге бағыттайды. Медиатор тараптарға ортақ қорытындыға келуге көмектесетін тұлға болып табылады. Медиатор тараптар үшін нағыз тиімді шешімдерді таба отырып, екі жақтың көздеп отырған мүдделерін саралай келе, нағыз ойға қонымды әрі қолайлы келісімге келуге үлкен септігін тигізеді. Мұның ең басты себебі, дауласушы тараптар делдалсыз бір-бірімен тікелей келісім жүргізу процесіне кірісе алмайды, көп жағдайларда оның аяғы даудың одан әрі өршуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Ол сотта ешбір тараптың мүддесін қорғамайды, заңдық кеңестер берумен айналыспайды. Медиатор өз қызметін атқару барысында ешқай тарапты қолдамайды. Белгілі бір тараптың мүддесін қорғап, қолдауға жол берілмейді. Міне, сондықтан, медиация әлеуметтік ынтымақтасу құралы ролін атқарады. Тараптар өз еріктерімен келіссөздер жүргізу арқылы екі тарап үшін де тиімді болатын шешу жолдарын қарастырады. Ал медиатор болса, ол өз кезегінде тараптар арасында сенімді қатынастар орнатып, легитимді шешім қабылдауға ықпалын тигізеді [4, 212].

Медиация процесі нәтижесінде жеңген не жеңілген тарап болмайды. Медиацияның басты мақсаты екі тарапты да қанағаттандыратын құрылымдық шешімге келу болып табылады. Тек осы шарт жүзеге асырылған кезде медиация сәтті аяқталды деп санауға болады. Өз мүдделерін білдіру

кезінде екі тарап та ашық әрі шыншыл көзқарас танытуы тиіс. Медиация нәтижесінде қол жеткізілген келісім қос тараптың мүдделерін қанағаттандырып қана қоймай, тараптар арасында өзара сенімді қарым-қатынас қалыптастыратыны анық. Ал соттық немесе төрелік процедурада міндетті түрде жеңілетін тарап болатынын ескере кету қажет. Медиацияны көп жағдайларда «сауықтыру» процесімен салыстырады. Себебі, медиация екі тарапқа да ашықтан-ашық тікелей істің мән-жайын талқылауға, содан кейін ғана өзара әрекеттесуге үлкен мүмкіндік туғызады. Дәстүрлі сот талқылауы – бұл өзара сайысу тәртібінде өткізіледі, көп жағдайларда бұл процедура тараптардың арасында бір-біріне деген агрессиялық атмосфера тудыруы мүмкін. Бұл жерде ең басты назарда деректер мен дәлелдер болады, ал тараптардың нақты мүдделері назарға алына бермейді. Тараптар бір-бірімен тікелей тілдеспейді, тілдесуші ролін көп жағдайларда заңгерлер мен судья атқарады. Сот талқысымен салыстырғанда медиация тараптарға, алдымен, бір-бірімен тікелей қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Үшінші топтағы мән-жайлар не сотқа, не тараптарға тәуелсіз бір негізден тұрады:

- азаматтың қайтыс болуына байланысты даулы құқықтық қатынас құқыққабылдаушылыққа жол бермейтін жағдайларда және таратылған заңды тұлғаның құқыққабылдаушысының жоқ болуы.

Азаматтың қайтыс болуына байланысты іс мынадай жағдайларда тоқтатылуы тиіс:

- іс бойынша тараптардың бірі болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін даулы құқықтық қатынас құқық мирасқорлығына жол бермесе; Мәселен, егер қайтыс болған азамат алимент алушы болса; бірге тұра алмағандықтан үйден шығару туралы талап қойған азамат қайтыс болғанда; денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талап қойған талапкердің қайтыс болуы.

Зиянды өтеу туралы қойылған талап бойынша жауапкердің қайтыс болуы сот өндірісін тоқтатудың негізі бола алмайды. Бұл жағдайда заң құқыққабылдаушылыққа жол береді: мұралық мүлікті қабылдап алған тұлғалар мұра қалдырушының қарыздары бойынша жауап береді [5].

- іс бойынша тарап ретінде әрекет ететін ұйым қызметі тоқтатылуына және құқық мирасқорларының болмауына байланысты таратылса;

Заңды тұлғаға қатысты сот, ол таратылған жағдайда, құқық қабылдаушысы жоқ болғанда, сот өндірісін тоқтатуға тиісті болады.

- шет мемлекетте соттық иммунитеттің бар екені анықталса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Заңмен анықталған іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың негіздері кең түсінік беруге жатпайды. Сондықтан да жауапкердің талапты тануына сілтеме жасай отырып, істі тоқтатуға болмайды. Бұл жағдайда жауапкердің арызын ескере отырып, іс негізі бойынша қаралып, соттың шешім шығаруымен аяқтау қажет.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы, сол пән және сол негіздер бойынша екінші мәрте сотқа жолдануға жол берілмейді (ҚР АПК, 278-бап).

АПК-нің 278-бабы бойынша сот іс жүргізуді ұйғарым шығару арқылы тоқтатады. Оған жеке шағым немесе жеке наразылық келтіруге болады.

Талап қою арызын қараусыз қалдыру – арызданушының заңмен бекітілген істі қозғау туралы талаптарды орындамауына байланысты туындаған азаматтық істің аяқталу түрі.

Арызды қараусыз қалдыру талап беруші немесе арыз беруші соттық қорғану құқығына ие болып, бірақ бұл құқықты жүзеге асыру процессуалдық заңмен анықталған талаптардың орындалмауына байланысты мүмкін емес болғанда, яғни талапкер немесе арыз беруші соттық қорғануға құқылы болғанымен бұл құқықты жүзеге асыру заңмен анықталған процессуалдық жағдайлардың болмауына байланысты орын алады.

Сонымен, талап қою арызын қараусыз қалдыру дегеніміз – дәл сондай арызбен қайтадан сотқа жолдану мүмкіндігіне кедергі келтірмей, істі қарауды шешім шығармай аяқтау.

ҚР АПК-нің 279-бабында талап қою арызын қараусыз қалдыру негіздерінің тізімі аяқтай берілген [2]. Оларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа талапкердің немесе арыз берушінің заңмен анықталған талап қою тәртібін орындамауы туралы мән-жайлар жатады. Олар мыналар:

1. Талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса; Мысалы: ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 73-бабы бойынша, Ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша нысанда келісім жасасуға құқылы.

Егер ата-аналар келісімге келе алмаса – дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда – дау осы органның және баланың ата-аналарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді.

Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы сот шешімі орындалмаған жағдайда, кінәлі ата-ана Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Сот шешімі қасақана орындалмаған жағдайда баладан бөлек тұратын ата-ананың талап етуі бойынша сот баланың мүдделерін негізге алып және баланың пікірін ескере отырып, баланы соған беру туралы шешім шығара алады [6].

2. Талап қою арызын әрекетке қабілетсіз адам берсе;

Азаматтың әрекет қабілеттілігі азаматтық заңдармен анықталады. Жас ерекшелігі жеке басын куәлендыратын куәлікпен анықталса, есі дұрыс еместік заңды күшіне енген сот шешімімен анықталады. Ал егер іс қозғалған соң әрекет қабілеттілігінен айырылған болса, онда іс тоқтатыла тұрады.

Азаматты әрекет қабілеттілігі шектелген деп тану оның жеке сотта іс қозғау құқығына кедергі болмайды.

3. Талап қою арызына қол қоюға және оны беруге өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса немесе оны берсе;

Соттағы өкілдің өкілеттігі рәсімделген сенімхаты тапсырылуы тиіс.

4. Осы немесе басқа бір соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол бір тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша бұрын қозғалған іс болса;

Бұл жерде ұқсас талап әлі сотта қарастырылмаған, бірақ екі ұқсас талап бір мезгілде сотқа қойылған жағдайды көздейді.

5. Егер заңда өзгеше көзделмесе, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы келісім жасалса;

ҚР «Төрелік туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңы бойынша, «төрелік – нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік»; «төрелік келісім – азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды төрелікте қарауға беру туралы тараптардың жазбаша келісімі» (2-баптың 3-4-пункттері) [7].

Екінші топқа тараптардың сотқа келмей қалуына байланысты екі жағдай кіреді. Бірінші жағдай тиісінше хабарландырылған, дәлелсіз себептермен екі тараптың екі мәрте сототырысына келмей қалуын қарастырады:

6. Істі өзінің қатысуынсыз қарауды өтінібеген талап қоюшы екінші шақыру бойынша сотқа келмесе;

Тараптардың біреуінен істі оның қатысуынсыз қарау туралы өтініш сотқа түспеген жағдайда арыз қараусыз қалдырылуы тиіс. Егер сот тараптардың сот мәжілісіне қатысуы міндетті деп есептейтін болса, онда тараптардың қатасуынсыз істі қарау туралы өтініштері қабылданбайды және арыз қараусыз қалдырылмайды.

Үшінші топқа басқа да мән-жайларды жатқызамыз.

7. Өзінің мүддесіне сай іс қозғалған тұлға мәлімделген талапты қолдамаса; өзінің мүддесіне сай іс қозғалған адам мәлімделген талапты қолдамаса;

8. Талап қоюшы талап қою арызын қайтарып алу туралы арыз берсе;

9. Көрсетушіге арналған күші жойылған бағалы қағаздар және ордерлі бағалы қағаздар бойынша құқықтарды қалпына келтіру туралы істер жөніндегі арыз жарияланған күннен бастап үш ай мерзім аяқталғанға дейін берілсе;

10. Жылжымайтын затқа коммуналдық меншік құқығын тану туралы арыз заңда белгіленген мерзімнен бұрын берілсе немесе заңда көзделген жылжымайтын мүлікті иесіз деп тіркеу рәсімдері бұзыла отырып берілсе;

11. Осы Кодекстің 105-бабының үшінші бөлігінде және 106-бабының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік баж төленбесе;

12. Осы Кодекстің 34-тарауында көзделген ерекше талап қою ісін жүргізу бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаны туралы мәліметтер ұсынылмаса;

13. Істі ерекше іс жүргізуде қарау кезінде талап қою ісін жүргізуде қаралуға жататын, соттың ведомстволығындағы құқық туралы даудың бар екені анықталса, арызды қараусыз қалдырады.

Іс бойынша сот ісін жүргізу арызды қараусыз қалдырған жағдайда соттың ұйғарымымен аяқталады. Бұл ұйғарымда сот ҚР АПК-нің 279-бабында аталған істі қарауға кедергі келтіретін мән-жайларды қалай жоюды көрсетуге міндетті.

Арызды қараусыз қалдыруға негіз болған мән-жайлар жойылғаннан кейін мүдделі адам жалпы тәртіп бойынша сотқа тағы да арыз беруге құқылы (ҚР АПК-нің 258-бабының 3-бөлімі).

Сонымен, іс жүргізуді тоқтату түрі дегеніміз істі аяқтау, сот ісін жүргізудің мүмкіндігін түгелдей жоятын, заңда көрсетілген жағдайларды қамтиды.

Жоғарыда айтылғандар негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды екі топқа бөлуге болады. ҚР АПК-нің 277-бабының 1-3 тармақтарында көрсетілген мән-жайлар, тап осы іс бойынша қуынушы жақтың сотқа жүгінуге құқығы болмайтындығын куәландырады, яғни талап қою құқығының жойылатындығына алғы шарт болады. Судья бұл жағдайлардан бас тартып, іс қозғамауы керек. ҚР АПК 277-бабының қалған тармақтарында жазылған мән-жайлар, іс қозғалғаннан кейін пайда болады. Бұндай жағдайларда дау, талапкердің талаптан бас тартуы нәтижесінде, тараптардың татуласуы немесе тараптардың біреуінің қайтыс болуына байланысты жойылады [8, 341].

Іс бойынша іс жүргізу сот ұйғарымы бойынша тоқтатылады (егер іс жүргізу сот органдарының қарауына жатпайтын болса тоқтатылады, сот арызданушыға қай органға жүгінуі керектігін көрсетуге міндетті). Іс жүргізу іс бойынша тоқтатылған жағдайда, тараптардың сол дау бойынша екінші рет сотқа жүгінуі қабылданбайды (ҚР АПК 278-бабы).

Талоап қою арызын қараусыз қалдыру - азаматтық істің аяқталған түрі, арызданушының заңда көрсетілген іс қозғау жағдайын сақтамауы және іс жүргізудің дұрыс дамуы тәртібін сақтамау.

ҚР АПК-нің 279-бабы, ерекше әдістік істерді қарау тәртібі арызды қараусыз қалдыру жағдайы, арнаулы негізді қарастырады, құқық туралы даудың соттың қарауына жататындығы пайда болғанда. Осындай себептен талап қою арызын қараусыз қалдырғанда, қуынушы жаққа, жалпы негізде талап ету құқығы түсіндіріледі. Іс бойынша талап қою арызын қараусыз қалдыру, сот ұйғарымымен аяқталады. Бұл ұйғарымда сот, істі қарауға кедергі келтіретін, ҚР АПК-нің 279-бабында жинақталып көрсетілген жағдайларды жоюды көрсетуге міндетті.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Комментарий к ГПК РСФСР / Под ред. М.К. Треушников. – М.: изд. «СПАРК», 1996. – 588 с.
- 2 Қазақстан Республикасының азаматтық процесілік кодексі. 31 желтоқсан 2015 жыл // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
- 3 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының «Денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша заңдарды Республика соттарының қолдануының кейбір сұрақтары туралы» 9 шілде 1999 жылғы № 9 қаулысы // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. – 1999. - № 7.
- 4 Марк Хьюлитт-Джеймс и Николас Гоулд Международный коммерческий арбитраж. Практическое пособие. Пер. с англ. и науч. ред. В.А.Смирнов. - Алматы: ТОО «Аян Әдет», 1999. – 180 с.
- 5 Қазақстан Республикасының «Соттардың мұрагерлік туралы заңдарды қолдануы бойынша кейбір мәселелері туралы» 18 желтоқсан 1992 жылғы; ҚР Жоғарғы Соты Пленумының қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. 22 желтоқсан 2000 жылғы // ҚР Жоғарғы Сот Бюллетені. - 2001. - № 1.
- 6 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының «Бала тәрбиесіне байланысты дауды шешу кезінде соттардың заңдарды қолдануы туралы» 28 сәуір 2000 жылғы № 4 қаулысы // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. – 2000. - № 5-6.
- 7 Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488>
- 8 Хрестоматия по гражданскому процессу / Под ред.: Треушников М.К. - М.: Городец, 1996. - 226 с.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жағалов Р.Б., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Қуанышбек М., заң факультетінің студенті, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Интеллектуалдық меншікке құқықтардың негізгі иеленушілері Америка, Европа және Япония мемлекеттері болып табылады, бұл мемлекеттерге дүние жүзіндегі берілген барлық патенттің 2/3 бөлігі тиесілі. АҚШ-тың 1 млн тұрғынына жылына 500 патенттен есептеледі, Японияда бұл көрсеткіш жылына 1000 патенттен кем емес.

Қазақстан Республикасы тіркелетін патенттер саны бойынша ТМД-да Ресей, Украина мемлекеттерімен бір деңгейде. Қазақстан өндірістік меншікті қорғау бойынша Париж